

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жыналы негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесі отырысының №3 хаттамасы

Қияқты ауылы

29 сәуір 2024жыл

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есебі
(Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Ж.К.Калиева)

Қатысқандар саны – 14 (өзін-өзі бағалау комиссиясының саны – 5, қамқоршылық кеңес мүшесінің саны – 9)

Қамқоршылық кеңестің төрайымы А.Б.Сермаганбетов: Бүгінгі кезектен тыс қамқоршылық кеңестің отырысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығының 3-тарау 12-тармағына сәйкес Ж.К.Калиеваның «Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есебі» тыңдалды. Сөз кезегі мектеп директоры Ж.К.Калиеваға беріледі.

Тыңдалды:

Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Ж.К.Калиева: Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2, тармақшаларына сәйкес білім беру ұйымы мектепшілік өзін-өзі бағалау жүргізді.Кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіп, өзін-өзі бағалау жүргізудің жоспарын жасады, комиссия мүшелері сайланып олардың міндеттері бөлінді. Мектептің үш жылдық жұмысы сараланды, білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша материалдар дайындалып, зерделенді және мектеп сайтына орналастырылды. (слайд арқылы айтып шықты).

Білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін 4,9 сыныптардың білім алушылары арасында оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілді және нәтижесі «қанағатанарлық» болды. Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін онлайн форматта мектепалды даярлық сыныбының ата-аналарынан,жалпы педагогтардан, 4,9сыныптың білім алушылары мен олардың ата-аналарынан сауалнама алынды. Сауалнамаға ата-аналар түгел қатысты және нәтижесінде білім беру ұйымының жұмысына оң баға берді. Мектепке дейінгі білім беру бойынша ата-аналардың сауалнамасының қорытындысы бойынша бір ата-анада 3 сұрақ бойынша «келіспеймін» деген жауап болды. Мектепке дейінгі оқыту және бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде бағалау парағы (4-қосымша) толтырылды. Нәтижесі білім беру ұйымының білім беру қызметтерін көрсету сапасы «жақсы» деген қорытынды берілді.

Шығып сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңестің мүшесі А.М.Өтемісова: Үш жылдық жұмысқа толық зерделеу жүргізілсін. Зерделеу қорытындысына толық қосыламын. Бірақ неге мұғалімдердің

біліктілік санатының деңгейі төмен? Педагог зерттеуші және педагог сарапшының санын көтеру қажет.










Бұл сұраққа мектеп директоры Ж.К.Калиева биылғы жылы 11 педагог аттестациялаудан өтуге өтініш берген болатын.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі А.Х.Жанибеков: білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижесі жаман емес. Мектеп ұжымының жиһаздары жылма-жыл жаңартылып отыр.

Шешім:

1. Білім беру ұйымы басшысының «Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері» бойынша есебі «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Жіберілген кемшіліктер мен ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Қамқоршылық кеңестің шешімі мектептің интернет – ресурсында жариялансын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:
Мүшелері:

	А.Б.Сермаганбетов
	А.Х.Жанибеков
	А.М.Өтемісова
	М.Т.Рыскалиева
	М.Е.Молдағалиева
	Д.С.Танжаров
	У.М.Демесинова
	А.Әміржанқызы
	К.С.Кеулімжаева